



ЖАЗАР АЛДЫНДА ОЙЛАН

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР КЕҢІСТІГІН
ҚЫСҚАРТУ

Amnesty International көпшілік таныған адам құқықтары жалпыға қол жетерлік дүниені қолдайтын 7 миллионнан астам адамдарды біріктірген ғаламдық қозғалыс.

Біз Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясында және басқа да адам құқықтары саласындағы халықаралық үлгілерде жарияланған барлық құқықтарды әр адам пайдалану мүмкіндігіне ие болуға тырысамыз.

Біз қайсыбір үкімет, саяси идеология, экономикалық мүдделер мен діни көзқарастарға тәуелді емеспіз және қаржымыздың негізгі бөлігі мүше жарналары мен ерікті қайырмалдықтан құралады.

© Amnesty International, 2017 ж.

Басқаша жағдай көрсетілмесе, осы құжаттың мазмұны Creative Commons (авторлықты көрсету, коммерциялық емес мақсатта пайдалану, өзгертуге, халықаралық 4.0) лицензиясына жатады.

<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/legalcode>

Көбірек ақпарат алу үшін біздің вебсайтымыздағы рұқсат алу бетін көріңіз: www.amnesty.org

Amnesty International материалдың авторлық құқығына ие болмаса, онда бұл материал Creative Commons лицензиясына жатпайды www.amnesty.org

Тұңғыш рет 2017 ж. Peter Benenson House
баспасымен жарияланды.

Amnesty International Ltd
1 Easton Street London WC1X 0DW

Біріккен Корольдік

ИНДЕКСІ: EUR 57/5644/2017

ТҮПНҰСҚА ТІЛІ: АҒЫЛШЫН



© iStock

МУНДАРИЖА

| | |
|---|-----------|
| 1. ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ | 4 |
| 2. ПІКІР БІЛДІРУ ЖӘНЕ БЕЙБІТ ЖИНАЛУ БОСТАНДЫҚТАРЫНА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҚТАРЫ: ЗАҢ ШЕҢБЕРІ | 6 |
| ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ | 6 |
| ҰЛТТЫҚ ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫ | 7 |
| 3. ҚАЗАҚСТАНДА ИНТЕРНЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ | 10 |
| 4. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ПОСТТАР ҮШІН ӘКІМШІЛІК ҚАМАУ: ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ | 12 |
| 5. ИНТЕРНЕТТЕГІ БЕЙБІТ ӨЗГЕШЕ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ | 16 |
| 6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ТӘУЕЛСІЗ ЖУРНАЛИСТИКА ҮШІН КЕҢІСТІК РЕТІНДЕ ЖАБУ | 20 |
| 7. ӨЗІН-ӨЗІ ЦЕНЗУРАЛАУ | 23 |
| 8. ҚОРЫТЫНДЫ | 26 |
| 9. РЕКОМЕНДАЦИЯЛАР | 27 |
| ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМҒА: | 28 |
| ЕУРОПА ОДАҒЫ МЕН ОНЫҢ МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІНЕ: | 28 |
| ЕҚЫҰ МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІНЕ: | 28 |

1. ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Қазақстанда ұзақ уақыт бойы шектеліп келе жатқан өз ойын білдіру еркіндігі мен бейбіт жиналу бостандығы 2015 және 2016 жылдарда қайтадан құдалауға ұшырады. Халықаралық міндеттемелері мен Конституцияда және басқа да заңдарда бекітілген кепілдерге қарамастан, билік пен мемлекеттік саясатты сынау кеңістігі өте тар. Тәуелсіз БАҚ-р болғанымен, соңғы бес жылда құдалауға ұшырады. Сонымен бірге, бейбіт жиналыстарды да асыра шектеу орын алуда.

Қазақстан халқы үшін еркін пікір білдіре алатын жері интернет қана, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желілер. Елдегі интернет пен әлеуметтік желілерді пайдалану деңгейі жоғары: халықтың 55%-дан астам бөлігі үйлерінде интернетке қосылған, ал бестен бір бөлігі әлеуметтік желілердің тұрақты пайдаланушылары болып табылады.¹ Бірақ, Қазақстан халқы интернетте пайдалана алатын пікір білдіру еркіндігі қазір қысымның астында.

Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілер² мен WhatsApp сияқты хабарлама қызметтері, сонымен бірге, YouTube және Periscope³ видео бөлісу сайттары халық үшін өз ойы мен пікірлерін еркін білдіре алады деп саналатын маңызды алаңға айналды. Ең маңыздысы, басқа бұқаралық ақпарат құралдарына, атап айтқанда, теледидар мен баспасөзге қол жеткізе алмайтын жағдайда осы желілер адам құқықтарын қорғаушылар үшін өз ақпараттары мен адам құқықтары және оларды бұзу туралы халықтың білімін арттыра алатын алаңға айналды. 2016 ж. құқық қорғаушылар мен басқа белсенділер әлеуметтік желілер мен жедел хабарласу қызметтерін де Жер кодексіне өзгертулер енгізуге қарсы бейбіт наразылықты ұйымдастырудың құралы ретінде пайдаланған.

Жауап ретінде биліктер әлеуметтік желілерді Қазақстан халқы өздерінің сыни пікірлерін еркін білдіруге құқылы және әртүрлі көздерден ақпарат ала алатын кеңістік ретінде «тұншықтыруға» тырысып жатыр. Оған жекелеген интернет ресурстарын уақытша не тұрақты тоқтату немесе жоюға бағытталған бұрынғы және жаңадан қабылданған заңдардағы өкілеттіктер жатады. Осыған қоса, осы брифингте зерттелгендей, 2015 ж. және 2016 ж. Қазақстан биліктері Интернетте пікір білдіру еркіндігін бейбіт пайдаланғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жазаларды басқа жылдарға қарағанда, көбірек қолданды. Оның ішінде билік тарапынан рұқсат етілмеген жоспарланған бейбіт

¹ Internet Live Stats, "Kazakhstan", <http://www.internetlivestats.com/internet-users/kazakhstan/> (2016 ж. 14 қарашада қаралған) (Internet Live Stats, "Kazakhstan"); Tengri News, "Сколько людей "сидят" в соцсетях в Казахстане" ["Қазақстанда қанша халық әлеуметтік желіде отыр"], 2016 ж. 8 ақпан, <https://tengrinews.kz/internet/skolko-lyudey-sidvat-v-sotssetyah-v-kazahstane-288639/> (2016 ж. 14 қарашада қаралған) (Tengri News, "Сколько людей "сидят" в соцсетях в Казахстане" ["Қазақстанда қанша халық әлеуметтік желіде отыр"]).

² VKontakte (vk.com) – бұл орыс тілді әлеуметтік желі. https://vk.com/page-47200925_44240810 ресми сайтына сәйкес. 2016 ж. қазан айында оның 380 миллион пайдаланушысы болған (2016 ж. 2 қарашада қаралған).

³ Periscope (www.periscope.tv) ашық эфирде бейне жазбалармен бөлісу онлайн платформасы болып табылады.

жиналыстар мен демонстрациялар туралы ақпаратпен бөліскені үшін әлеуметтік желілерді пайдаланатындарға қарсы әкімшілік жаза қолдану; әлеуметтік желілер арқылы мемлекет саясатын сынап, демонстрацияларды ұйымдастырушыларды қудалау үшін қылмыстық әділсот жүйесін кері пайдалану, оның ішінде құқық қорғаушылар және ар-ождан тұтқындар⁴ **Макс Боқаев** пен **Талғат Аянды** қылмыстық жазаға тартып, бас бостандығынан айыру; және де, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын өз контенттерін әлеуметтік желілерде пайдаланғандары үшін мүлдем жауып тастау.

Әкімшілік және қылмыстық жазалау көп емес адамдарға қатысты қолданылғанымен, оның ықпалы Қазақстандағы пікір білдіру еркіндігіне кең көлемде «бұғау салғандай» әсер етуде. Amnesty International-мен сұхбаттасқан белсенділердің айтуынша, күннен күнге көп адамдар әлеуметтік желілерде жазғанда, биліктердің назарын аудартпау үшін өздерін өздері цензурадан өткізеді деп сезінеді. Олардың ішінде құқық қорғаушылар, белсенділер мен Қазақстандағы адам құқықтары мәселелерін жедел талқылау және ол туралы білімдерін арттырғысы келетін басқа да тұлғалар.

Қазақстан өз халықаралық міндеттерін орындап, Конституцияға сәйкес сөз бостандығы мен бейбіт жиналу еркіндігін қорғауы тиіс. Онлайн және жеке түрде өз пікірлерін білдіретін сынаушылардың үнін басу үшін Әкімшілік және Қылмыстық кодекстерін қолдануды тоқтату уақыты келді.

⁴ БҰҰ Адам құқықтарын қорғаушылар туралы Декларациясына сәйкес, Amnesty International адам құқықтарын жергілікті, ұлттық немесе халықаралық деңгейде қорғауға күш салысқан тұлғаны өшпенділік, кемсіту мен зорлық-зомбылықты пайдаланбай, насихаттамаған жағдайда және адам құқықтарының бәріне бірдей екендігін мойындайтын, басқалардың құқықтарын бұзбайтын адамды ар-ождан тұтқыны деп мойындайды. Amnesty International Макс Боқаев пен Талғат Аянды олардың пікір білдіру және бейбіт жиналу бостандықтарын жүзеге асыруға тырысып, басқаларға бейбіт жиналу құқықтарын пайдалануда үлгі болғандары үшін құқық қорғаушылар деп санайды. БҰҰ бас Ассамблеясы, *Жеке тұлғалар, топтар мен органдардың жалпы мойындалған адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды алға бастыру және қорғау бойынша құқықтары мен жауапкершілігі туралы Декларацияны* қараңыз, A/RES/53/144, БҰҰ Бас Ассамблеясы, Нью-Йорк, 1999 ж.

2. ПІКІР БІЛДІРУ ЖӘНЕ БЕЙБІТ ЖИНАЛУ БОСТАНДЫҚТАРЫНА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҚТАРЫ: ЗАҢ ШЕҢБЕРІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Сөз бостандығына ие болу құқығына ақпаратты іздеу, алу және тарату құқықтары жатады, бұл құқық 2006 ж. Қазақстан ратификациялаған Азаматтық және саяси құқықтары туралы Халықаралық Пактінің (АСҚХП) 191-б. мойындалады.⁵ 2016 ж. маусым айында БҰҰ Адам құқықтары Кеңесі «Интернетте адам құқықтарын қолдау, қорғау және жүзеге асыру туралы» резолюциясын қабылдады. Онда адамдар жеке жағдайда да, Интернетте де пікір білдіру бостандығы құқығына ие бола алады деп айтылып, мемлекеттерді «адам құқықтары саласындағы халықаралық нормаларын бұзып, Интернетте ақпаратқа қол жеткізу немесе таратуға әдейі кедергі жасауды» сынға алды.⁶ 2011 ж. жарық көрген баяндамада Арнайы баяндаушы «адам құқықтары

⁵ АСҚХП сәйкес мемлекеттердің пікір білдіру бостандығын сақтау міндеттері туралы көбірек білу үшін осыны қараңыз: Адам құқықтары бойынша Комитет, “No. 34 Басты Комментарий, 19-бап: Пікір және білдіру еркіндіктері”, ССРР/С/СC/34, Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары бойынша Комитет, Женева, 2011 ж. (Адам құқықтары бойынша Комитет, “No. 34 Басты Комментарий”).

⁶ Адам құқықтары Кеңесі, “Адам құқықтарын интернетте алға бастыру, қорғау және пайдалану”, A/HRC/32/L.20, Адам құқықтары Кеңесі, 33-сессиясы, Нью-Йорк, 4-б.

саласындағы халықаралық құқықтың шеңбері, ішінара пікір білдіруге қатысты ережелері, әлі де Интернетке қолданбалы болып табылады» деп мәлімдеді.⁷

АСҚХП-ң 19.3-б. сәйкес, пікір білдіру бостандығына ие болу құқығы шектеуге жатады, бірақ ол шектеулер заңмен көзделіп, заңды мүддені қорғау мақсатына керекті болу немесе дұрыс мөлшерде болуы тиіс. Заңды мүдде дегеніміз басқалардың құқықтары мен абыройын қадірлеу және ұлттық қауіпсіздікті немесе қоғамдық тәртіпті (*ordre public*), қоғамдық денсаулық пен имандылығын сақтау. Интернетте пікір білдіру еркіндігін кез келген шектеу осы шарттарға сәйкес келуі тиіс.⁸

Мемлекеттерден сонымен бірге «өшпенділікті насихаттауға», яғни кемсітуге, араздыққа немесе зорлық-зомбылыққа (немесе «өшпенділікті қоздыруға») тыйым салу талап етіледі. Бұл Интернет арқылы таратылатын материалдарға да қатысты. АСҚХП-ң 20.2-б. сәйкес, мемлекеттер адамдардың «ұлттық, нәсілдік немесе діни алауыздықты» қоздыратын және адамдарды «кемсітуге, араздыққа не зорлық-зомбылыққа» итермелейтін мәлімдемелерге тыйым салуы тиіс. Бұл тыйымдар заңда анық түсіндіріліп, белгіленуі тиіс. Олар пікір білдіру бостандығын асыра шектемейтіндей қолданылуы тиіс. Сонымен бірге, пікір білдіру бостандығына қойылатын кез келген құқықтық шектеулер нақты болып, заң бұзғысы келмейтін адамға түсінікті болуы тиіс.⁹

АСҚХП бейбіт жиналу бостандығына да кепіл береді (21-бап) және мемлекеттерді осы құқықты еш кемсітусіз қадірлеп, қорғап, қамтамасыз етуді міндеттейді. АСҚХП сәйкес, осы құқықтың шектеулері заңда анық белгіленуі тиіс. Шектеулер керекті және мөлшерлі болып, ұлттық не қоғамдық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау немесе басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау заңды мақсаттарды орындауға бағытталуы тиіс. Бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығын жүзеге асыруы алдын ала рұқсат етілу тиіс емес және де, бейбіт жиналамыз деген адамдардан алдын ала биліктерден оған рұқсат сұрауды талап ету керек емес.¹⁰ Шын мәнінде, мемлекеттер адамдарға осы құқықты керекті аудиториялары көріп, еститіндей жерлерде жиналыстар өткізу арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік беру үшін бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығын заң және іс жүзінде қолдап, қорғау бойынша жағымды міндеттемелерге ие болады.¹¹

ҰЛТТЫҚ ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫ

Пікір білдіру бостандығы, оның ішінде ақпаратты табу, алу және тарату құқығы сонымен бірге Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-б. қорғалады.¹² Осы құқықтар әрі қарай «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы»¹³ және «Ақпаратқа қол жеткізу туралы»¹⁴ заңдарымен

⁷ БҰҰ Бас Ассамблеясы, “Пікір еркіндігі және оны білдіру бостандығына ие болу құқығын алға бастыру және қорғау бойынша Арнайы Баяндаушының баяндамасы”, A/66/290, БҰҰ Бас Ассамблеясы, Нью-Йорк, 2011 ж., 6-б. (БҰҰ Бас Ассамблеясы “Арнайы Баяндаушының баяндамасы”, A/66/290).

⁸ Шектеулер АСҚХП-ң 19-б. белгіленген заңды негіздерге сәйкес келуі тиіс, яғни і. басқа тұлғалардың құқықтары мен абыройын қадірлеу; немесе ii. ұлттық қауіпсіздікті не қоғамдық тәртіпті, халық денсаулығы мен имандылығын сақтау үшін қойылатын шектеулерге сәйкес келуі тиіс. БҰҰ Бас Ассамблеясы, “Арнайы Баяндаушының баяндамасы” қараңыз, A/66/290, 6-7-бб.

⁹ Адам құқықтары бойынша Комитет, “No.34 бас Комментарий”, 6-б. Сонымен бірге, БҰҰ Бас Ассамблеясы, “Арнайы Баяндаушының баяндамасын” қараңыз, A/66/290.

¹⁰ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ), *Бейбіт жиналу бостандығы бойынша Нұсқаулық*, 2-баслым ЕҚЫҰ, Вена, 2010 ж., 15-б. (ЕҚЫҰ, *Бейбіт жиналу бостандығы бойынша Нұсқаулық*).

¹¹ Адам құқықтары Кеңесі, “Бейбіт жиналу және билік бостандықтарына ие болу құқықтары бойынша Арнайы Баяндаушының және Әділ соттан тыс, жаппай немесе басшылықпен жазалау бойынша Арнайы Баяндаушының жиналыстарды тиісті басқару туралы бірлескен баяндамалары”, A/HRC/31/66, Адам құқықтары Кеңесі, Нью-Йорк, 2016 ж., 7-б.

¹² Қазақстан Республикасының Парламенті, *Қазақстан Республикасының Конституциясы*, available at: <http://www.parlam.kz/en/constitution>

¹³ “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы” Қазақстан Республикасының 1999 ж. 23 шілдедегі № 451-І Заңы (29.03.2016 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен), http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013966 (2016 ж. 14 қарашада қаралған).

реттеледі. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы веб-сайттарды бұқаралық ақпарат құралдары ретінде белгілейді. Бірақ, Ақпарат және байланыс Министрінің 2016 ж. шілдедегі хаты тіркелген БАҚ-ң сайттары ғана БАҚ деп заңды түрде саналатынын түсіндірді.¹⁵

Осы кепілдерге қарамастан, пікір білдіру бостандығы Қазақстанда заңда да, іс жүзінде де қатты шектеледі. Осы брифингіде айтылғандай, биліктер пікір білдіру бостандығын, халықтың ақпаратқа қол жеткізуді шектеу бойынша кең ауқымды әртүрлі тәсілдерді пайдаланып, өзін-өзі цензурау аясын орнатады. Мысалы, Amnesty International биліктердің жиі жағдайда тіркеу мен лицензиялау ережелерінің жеңіл бұзушылықтары мен ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіру арасындағы айыптарды пайдаланғанын құжаттады.¹⁶

Осыған қоса, биліктер сөз бостандығын тұншықтыру үшін қылмыстық ізге түсуді пайдаланған. Қылмыстық кодексінің 174-б. әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, руы немесе діні, тегіне қарай «алауыздықты» қоздыруға тыйым салып, он жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын көздейді. 174-б. адамдарды кемсітетін көзқарас пен сөзден, оның ішінде өшпенділікті насихаттаудан қорғайды. «Араздық» термині нақты белгіленбеген, оның салдарынан тым кең және анықсыз болып табылады. Халықтың осал топтары мен жеке тұлғаларды кемсітуден қорғаудың орнына 174-б. материалдарын таратып, пікірталасты қолдаған билікке сын айтушылардың дауыстарын бәсеңдету үшін жиі қолданылған. Осылай Макс Боқаев пен Талғат Аянды 174-б. бойынша айыпталып, сотталған. Олар туралы төменде айтылады.

Жоғарыда талқыланғандай, басқаларды кемсіту мен өшпенділіктен қорғау мақсатында пікір білдіру бостандығын шектейтін кез келген құқықтық шектеулер заң бұзғысы келмейтін адамдарға нақты да жеткілікті анық болуы тиіс.¹⁷ Қазақстан Қылмыстық кодексінің 174-б. осы талаптарға сәйкес келмейді, өйткені тым кең мазмұндалған және дәл сондай ретсіз түрде қолданылады.

2014 ж. мамыр айында Қылмыстық кодексіне тағы заң нормалары енгізіліп, қазақстандық биліктер оларды басқаша ойлауға қарсы қолданды. Қазақстан Қылмыстық кодексінің 274-б. “біле тұра жалған ақпаратты таратуды» қылмыс ретінде қарайды. Оған интернет арқылы таратылатын материалдар да жатады. Сонда, байланыс желілерін пайдалануы ауырлату жағдайы болып табылып, қатаң айыптау үкімін шығаруға әкеліп соғады. 274-б. бойынша сотталған адам он жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

274-б. әсіресе журналистер үшін қауіпті, олардың кейбіреулері осы бап бойынша қудалануы мүмкін. Қазақстанда жала жабуды қылмыстандыру және әділсот құқығын кең ауқымды бұзу мағынасында журналистерді 274-б. бойынша жауапқа тарту аса алаңдатады, өйткені олардың әр нақты оқиғаны тексеруге мүмкіндіктері жоқ. Осыған қоса, факті мен пікір арасындағы шекара көрінбей қалуы мүмкін: жалған ақпаратқа тыйым салу билікке ұнамайтын пікірге тыйымға жеңіл айналуы мүмкін.¹⁸ Пікір және оны білдіру бостандығына ие болу құқығын алға бастыру және қорғау бойынша Арнайы Баяндаушы 2000 ж. мәлімдегендей, “Жалған не қорқыту ақпаратын жариялау немесе тарату сияқты қылмыстар бойынша бас бостандығынан айыруға жол берілмейтін және жәбірленушінің зиянын сәйкес келмейтін жаза болып табылады. Осындай жағдайдың бәрі

¹⁴ «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 16 қарашадағы № 401-V Заңы (06.04.2016 ж. . өзгерістер мен толықтыруларымен), http://online.zakon.kz/document/?doc_id=39415981#pos=1;-307 (2016 ж. 14 қарашада қаралған).

¹⁵ Ақпарат және байланыс Министрінің 2016 ж. 15 шілдедегі № 03-14/3т-л-73 хаты, http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36894958#pos=5;-287 (2016 ж. 14 қарашада қаралған).

¹⁶ Amnesty International, “Қазақстан: БҰҰ Адам құқықтары Комитетіне жолдама”, EUR 57/4122/2016, Amnesty International, Лондон, 2016, <https://www.amnesty.org/en/documents/eur57/4122/2016/en/>; және Article 19, “Орта Азия: Журналистердің заңдалған қудалануы тоқтатылуы тиіс”, Article 19, Лондон, 2015 ж. 8 қыркүйек, <https://www.article19.org/resources.php/resource/38096/en/central-asia:-legalised-harassment-of-journalists-must-stop> қараңыз (2016 ж. 14 қарашада қаралған).

¹⁷ Адам құқықтары бойынша Комитеті, “No.34 Бас Комментарий”, 6-б. Сонымен бірге, осыны қараңыз: БҰҰ Бас Ассамблеясы, “Арнайы Баяндаушының баяндамасы”, А/66/290.

¹⁸ Article 19, “Жалған жаңалықтар” қараңыз, <https://www.article19.org/pages/en/false-news>. (2016 ж. 2 желтоқсанда қаралған).

пікірді бейбіт білдіргені үшін түрмеге жабу адам құқықтарының елеулі бұзушылығы болып табылады”.¹⁹

274-б. журналистерге қарсы әлі қолданылған жоқ; бұл бап адам құқықтарын қорғаушылар мен басқа белсенділер, оның ішінде **Макс Боқаев** пен **Талғат Аянға** және осы брифингіде айтылған басқаларға қатысты қолданылған.

Қазақстан халқы сонымен бірге интернет арқылы тікелей ала алатын ақпарат түріне тыйым салуға да ұшырайды. 2014 ж. Байланыс туралы Заңына енгізілген өзгерістер Бас прокуратураға өз еркімен сот шешімінсіз «экстремистік» немесе ұлттық қауіпсіздікке қарсы интернет-контентке провайдерлерді қол жеткізбеуге мәжбүрлей алады. Осы өкілеттікті Қазақстанда және шет елде орналасқан жаңалықтар сайттарына уақытша не тұрақты тосқауыл қоюға пайдаланған.²⁰ 2016 ж. Байланыс туралы заңына күшіне енген кейінгі өзгерістер интернет пайдаланушылардан «ұлттық қауіпсіздік сертификатын» орнатуды талап етеді, онсыз HTTPS протоколы бойынша берілетін интернет-трафикке қолдарын жеткізе алмайды. Орнатқаннан кейін бұл сертификат биліктерге HTTPS протоколы арқылы өтетін барлық байланысты бақылауға және контенті заңсыз деп табылған жеке парақшаларға тосқауыл қоюға мүмкіндік береді.²¹

Конституция азаматтардың «бейбіт және қарусыз митингілер, шерулер мен демонстрациялар, көше процессиялары мен пикеттерді өткізуге» құқықтарын қорғайды (32-б.). Осы қорғауға қарамастан, Қазақстан халқына өзінің бейбіт жиналу құқығын жүзеге асыру өте қиын. Далада қайсыбір наразылық шарасын (оның ішінде бір кісілік пикет) өткізгісі келетін кез келген адам жергілікті биліктерден рұқсат сұрауы тиіс.²² Жиі жағдайда оған рұқсат берілмейді, немесе шараны орталықта емес, басқа жерде өткізу ұсынылады.

Қылмыстық және Әкімшілік кодекстерінде жиналыстарды өткізу заңдарын бұзғаны үшін бас бостандығынан айыру жазасы көзделеді (Әкімшілік кодекске сәйкес, 15 күнге дейін қамауға алу және Қылмыстық кодексі бойынша 75 күнге дейін қамалу), оның ішінде заңсыз демонстрацияны ұйымдастыру немесе оған қатысқаны үшін (Әкімшілік құқықбұзушылықтар кодексінің 488-б. және Қылмыстық кодексінің 155, 400-бб.). Қылмыстық кодекстің 400-б. «заңсыз» жиналыстарға, оның ішінде «байланыс құралдары арқылы» «көмек көрсетуге» тыйым салған. Бейбіт жиналу және бірлесу бостандықтарына ие болу құқықтары бойынша Арнайы Баяндаушы осыны ұйымдастыру кезінде белсенділер әлеуметтік желілер мен басқа байланыс құралдарын пайдаланудың алдын алу деп түсіндірді.²³ Расында да, **Макс Боқаев** пен **Талғат Аянның** ісінде әлеуметтік желілерді наразылық шараларын «ұйымдастыру» үшін пайдалану 400-б. бойынша ауырлату жағдайы деп танылды.

¹⁹ Экономикалық және әлеуметтік Кеңес, “Пікір және оны білдіру бостандығына ие болу құқығын алға бастыру және қорғау бойынша Арнайы Баяндаушы Абид Хуссейн мырзаның Комиссия 1999/36-резолюциясына сәйкес жіберілген баяндамасы”, E/CN.4/2000/63, БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік Кеңес, Женева, 2000 ж., 52-б.

²⁰ Осыған 2014 ж. Radio Free Europe / Radio Liberty вебсайты мен Қырғызстанның kloop.kg жаңалықтар сайтына қойылған тосқауыл да кіреді, өйткені онда Сирия аумағында өзін Ислам мемлекеті деп атайтын қарулы топтың арасында Қазақстан азаматтары бар екеніне қатысты кейбір контент болды. Freedom House, *Желідегі еркіндік 2015: Қазақстан*, <https://freedomhouse.org/report/freedom-net/2015/kazakhstan> (2016 ж. 9 қарашада қаралды) (Freedom House, *Желідегі еркіндік 2015: Қазақстан*)

²¹ Н. Шаповалова, “Қазақстан Республикасының қауіпсіздік сертификаты: мемлекет пайдаланушылардың құпиялы интернет-трафингін бақылай алады”, *Dentons*, 2015 ж. 30 желтоқсан, <http://www.dentons.com/en/insights/alerts/2015/december/30/security-certificate-of-the-republic-of-kazakhstan> (2016 ж. 1 желтоқсанда қаралған).

²² Биліктер оны «рұқсат» алу процесі емес деп айтады; оның орнына ол демонстрация өткізгелі жүрген адамның биліктермен өз іс-қимылдарын үйлестіру процесі деп айтады.

²³ Адам құқықтары Комитеті, *Бейбіт жиналу және бірлесу бостандықтарына ие болу құқықтары бойынша Арнайы Баяндаушы Майна Киан баяндамасы, Қосымша: Қазақстанға миссиясы*, A/HRC/29/25/Add.2, Адам құқықтары Кеңесі, Нью-Йорк, 12-б.

3. ҚАЗАҚСТАНДА ИНТЕРНЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Қазақстан Орта Азиядағы интернетті пайдаланудың ең жоғарғы деңгейінде,²⁴ көршілеріне қарағанда, Қазақстан бай және байланыс инфрақұрылымы дамыған ел. 2016 ж. шілдедегі мәліметтер бойынша, Қазақстан халқының 55.8% интернетке қолын жеткізе алады, яғни өз үйлерінде интернеттері бар (Wi-Fi және / немесе ұялы телефон арқылы).²⁵ 2015-16 ж. қыста өткізілген зерттеу бойынша, 17 млн. Қазақстан халқының бірден бесін құрайтын²⁶ 3.3 млн. халқы әлеуметтік желілер сайттарының, оның ішінде VKontakte, Instagram, Odnoklassniki²⁷ және Facebook белсенді пайдаланушылары болып табылады. Олардың көбісі әлеуметтік желілерді достарымен байланысу үшін пайдаланады. Бірақ, құқық қорғаушылар, тәуелсіз журналистер және басқа да белсенділер осы сайттарды жаңа аудиторияларымен ақпарат пен идеяларын бөлісу маңызды порталы ретінде қолданады.

Қазақстан үкіметі «ақпараттық қауіпсіздіктің» дамуын ел үшін басты бағдар ретінде белгілеп, мемлекеттік қызметтерді онлайн көрсетуге бірнеше қадам жасады.²⁸ 2016 ж. мемлекеттердің өз қызметтерін көрсету үшін ақпараттық байланыс технологияларын пайдалану деңгейін өлшейтін БҰҰ Е-Үкімет Даму Индексі (E-Government Development Index) бойынша Қазақстан 33-і орында,

²⁴ 'Орта Азия' дегеніміз Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан. Internet Lives Stats, "Internet Users by Country (2016)" қараңыз, <http://www.internetlivestats.com/internet-users-by-country/> (2016 ж. 14 қарашада қаралған).

²⁵ Internet Live Stats, "Kazakhstan". Расталған саны 2014 ж. 54.9% болды. Халықаралық Телекоммуникациялық Одақ (ITU), "Percentage of Individuals using the Internet 2000-2014", available at: www.itu.int/en/ITU-D/Statistics/Documents/statistics/2015/Individuals_Internet_2000-2014.xls (2016 ж. 9 қарашада қаралған.).

²⁶ Tengri News, "Сколько людей "сидят" в соцсетях в Казахстане".

²⁷ Odnoklassniki (odnoklassniki.ru) 2015 ж. қаңтар айында 51 миллион пайдаланушысы бар орыс тілді әлеуметтік желі: http://rusargument.ru/11453_auditoriya_polzovatelej_seti_odnoklassniki_vyroslo_do_51 mln_chelovek_slava_krik (accessed 2 November 2016)

²⁸ А.П. Беклемишев, "Қазақстан", *Global Information Society Watch 2009: Access to Online Global Information and Knowledge*, APC және HIVOS, Melville және The Hague, 2009, 144-б.

барлық ТМД елдерінің алдында болды.²⁹ Кейбір басшылар интернет пен әлеуметтік желілерді мемлекеттік қызметтер стандартын жақсылайтын құрал ретінде пайдаланады. Мысалы, Алматы әкімі Бауыржан Байбек қоғам мәселелерін шешу үшін әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы қала басқаруының ашықтығы мен жауаптылығын арттырды.³⁰

Сонымен бірге, осы тырысуға және Қазақстанды «ақпараттық қоғам» ретінде көрсетуге қайшы келетін билік тарапынан ақпарат көздеріне қол жеткізуді заңмен де, іс жүзінде де шектеу қойылды. Осындай әртүрлі шектеулерге жауап ретінде көптеген пайдаланушылар бақылаудан құтылу немесе уақытша әлде тұрақты тосқауыл қойылған контентке қол жеткізіп, билік назарынан тыс қалу үшін интернетке жеке виртуалдық желілер (VPN)³¹ арқылы кіреді.³²

²⁹ БҰҰ Е-Үкімет Білім базасы, Елдерді салыстыр, <https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/Data/Compare-Countries> (2016 ж. 13 желтоқсанда қаралған).

³⁰ L. Anceschi, “The end of the Nazarbayev dream” («Назарбаев арманының ақыры»), *Open Democracy*, 2015 ж. 16 қараша, <https://www.opendemocracy.net/luca-anceschi/end-of-nazarbayev-dream> (2015 ж. 26 қарашада қаралды).

³¹ Виртуалдық жеке желі (VPN) компьютерлер арасындағы интернет сияқты сенімсіз қоғамдық желіден жоғары қауіпсіз, шифрленген желі байланысын құру технологиясы.

³² Freedom House, *Freedom on the Net 2015: Kazakhstan*.

4. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ПОСТТАР ҮШІН ӘКІМШІЛІК ҚАМАУ: ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРД ЫҢ АЛДЫН АЛУ

2016 ж. сәуірдің аяғы мен мамырдың басында бүкіл Қазақстан бойынша бейбіт демонстрациялар өтті. Біріншісі Қазақстанның батысында Атырау қаласында 24 сәуірде өтті, содан кейін ел бойынша өтті.

Халық Жер кодексіне өзгерістер енгізуге қарсылық білдірді. Осы өзгертулер пайдаланбайтын, мемлекеттік меншіктегі жерді жекешелендіруге және Қазақстан азаматтарына сатуға, ал шетелдіктерге 25 жылға дейін жалға беруге рұқсат етіп, 2016 ж. 1 шілдеде күшіне енуі тиіс еді.³³ Бұл өзгерістерге халық мүлдем қарсы болды, өйткені олар жерді ақырында шетел инвесторларына сатады деген қорқыныш туғызды. Осыған дейін саяси белсенділік танытпаған не билікті сынамаған көптеген адамдар Қазақстан заңдарына сәйкес, жергілікті биліктердің рұқсатынсыз өткен демонстрацияларға қатысты.

«Жер наразылығы» онлайн өте кең талқыланды, көптеген адамдар әлеуметтік желілерде наразылыққа қатысу ниеттерін және енгізілгелі жатқан өзгерістерге сын білдірді.

³³ International Crisis Group, “Kazakhstan’s Protests Postponed – But for How Long?” («Қазақстан наразылығы кейінге қалды – бірақ қаншалықты ұзаққа?», 2016 ж. 12 мамыр, blog.crisisgroup.org/europe-central-asia/kazakhstan/2016/05/12/kazakhstan-protests-postponed-but-forhow-long/ (2016 ж. 13 мамырда қаралған).

«Жер мәселесі» бойынша наразылыққа жауап ретінде президент Нұрсұлтан Назарбаев 6 мамырда Жер кодексіне өзгертулер енгізуге мораторий салды³⁴, сонымен бірге ұсынылған өзгерістерге сыни пікірлерді талқылау үшін комиссия құруды және балама ұсыныстарды дайындауға ұйғарды.³⁵ Бірақ президент Назарбаев наразылық жалғасса, жағдай Шығыс Украинадағыдай дағдарысқа әкеліп соғуы мүмкін деп ескертті. Ол осы дағдарыстың ұлттық тұрақсыздықтан пайда болғанын айтты.³⁶

Осыған қарамастан, наразылық шаралары жалғасты. Белсенділер жергілікті биліктерден 21 мамырда бүкіл Қазақстан бойынша демонстрациялар өткізуге рұқсат сұрады, оның ішінде Астанада және ең ірі қаласы Алматыда. Әр қалада жергілікті биліктер рұқсат берген жоқ.³⁷ Бірақ, көптеген адамдар 21 мамырда бәрі-бір наразылыққа шығуға ниетті болып, әлеуметтік желілерде осы туралы жазды. Мысалы, құқық қорғаушылар **Макс Боқаев** пен **Талғат Аян** Батыс Қазақстандағы Атыраудың жергілікті биліктерінен 24 сәуірде митинг өткізуге рұқсат сұрап (рұқсат берілген жоқ, бірақ митинг бәрі-бір өтті), содан кейін Атырауда 21 мамырда демонстрация өткізуге тағы рұқсат сұрады. Биліктер екінші өтінішке де рұқсат бермеді, бірақ **Макс Боқаев** пен **Талғат Аян** 21 мамырдағы митингіге адамдарды қозғауға әлеуметтік желілерде посттар жазуды жалғастырды.³⁸

Биліктер 21 мамырға жоспарланған митингіні болдырмау үшін бар күшін салды. 16 мамыр мен 20 мамыр арасында кем дегенде 34 адам Әкімшілік кодексінің 488-б. (Бейбіт митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу және ұйымдастыру рәсімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу) бойынша 10-15 күндік әкімшілік қамауға алынды.³⁹ Солардың ішінде **Макс Боқаев**, **Талғат Аян** және құқық қорғаушы, «Ар.Рух.Хақ» қорының президенті **Бақытжан Төреғожина** болды. Адамдар Алматыда, Астанада, Талғарда, Атырауда, Оралда, Семейде, Көкшетауда және Шымкентте қамауға алынды. Көптеген жағдайда адамдар түнде ұсталып, жедел әкімшілік сотқа дейін қамауда болды. Бірнеше қамалғандарды қорғаған адвокат өзін сот тыңдауы болып жатқан бөлмеге кіргізбегенін мәлімдеді. Басқа адвокат айтқандай, клиенттеріне қарсы айыптау материалдарымен танысып, зерттеуге және нәтижелі қорғауға жеткілікті уақыт берілген жоқ.⁴⁰

Бақытжан Төреғожина өзінің ұсталуы мен әкімшілік қамалуы туралы былай деп айтты:

Мен есіктегі қоңырау шалғанын естідім. Есік ашқанда, форма киінген екі полиция қызметкерлері мен қолында видеокамера бар бір жай киінген адамды көрдім. Олар біреу үстімнен полицияға арыз жазып, осы мәселені анықтау үшін полиция бөліміне баруым керек және бұл көп уақыт алмайды деп айтты. Олар мені асықтырды, мен киімімді ауыстыруға да үлгермедім.

Полиция өзімнің адвокатыммен кездесуге рұқсат берген жоқ. Олардың айтуынша, мен мемлекеттік адвокаттан бас тарттым, демек, маған адвокаттың мүлдем керегі жоқ. 22:00 сағатқа жуық мені Алматы қ. Әкімшілік сотына жеткізді. Менің адвокатыма «Сіздің көмегіңіз керегі жоқ» деп, мені қорғауға мүмкіндік бермеді.

³⁴ 2016 ж. 6 мамырдағы №248 Президент үкімі. Мораторий 2016 ж. 31 желтоқсанға дейін күшінде болады.

³⁵ J. Lillis, “Қазақстан: жер мәселесі әлеуметтік қайшылықтарды күшейтті”, Eurasianet, 2016 ж. 24 мамыр, <http://www.eurasianet.org/print/78901> (2016 ж. 1 маусымда қаралған).

³⁶ Radio Free Europe / Radio Liberty, “Қазақ жері бойынша наразылық күшейгенде қатысты Назарбаев Украинадағы қақтығыстар туралы ескертті”, 2016 ж. 1 мамыр, <http://www.rferl.org/articleprintview/27709970.html> (2016 ж. 3 мамырда қаралған) (J. Lillis, “Қазақстан: жер мәселесі әлеуметтік қайшылықтарды күшейтті”).

³⁷ J. Lillis, “Қазақстан: жер мәселесі әлеуметтік қайшылықтарды күшейтті”.

³⁸ Amnesty International Макс Боқаев пен Талғат Аянның бірнеше рет 21 мамырдағы митингіге бару туралы хабарламаларын заң бұзушылық деп санамайды, өйткені бейбіт наразылық шарасына қатысу үшін ешкім де рұқсат сұрамауы тиіс. ЕҚЫҰ, *Бейбіт жиналу бостандығы бойынша Нұсқаулықты қараңыз*, 15-б.

³⁹ Әкімшілік кодексі бойынша жазалау соттылық туралы мәліметтерге түспейді.

⁴⁰ Amnesty International, “Kazakhstan: Detained for stating intention to attend a rally” («Қазақстан: митингіге қатысу туралы мәлімдегені үшін ұсталды»), EUR 57/4067/2016, Amnesty International, Лондон, <https://www.amnesty.org/en/documents/eur57/4067/2016/en/>.

Сот процесі бес-ақ минутқа созылды. Осыдан кейін дереу мені әкімшілік ұсталғандардың қабылдаушы мекемесіне апарды. Сол кезде де, кейін де маған сот шешімін көрсеткен жоқ.⁴¹

Көптеген жағдайда қамауға алынған адамдардың бәрі әлеуметтік желілерде 21 мамырдағы митингіге қатысу ойларын, наразылық туралы ақпаратпен, оларды қолдау дауыстарымен бөліскен. **Бақытжан Төреғожинаның** ісінде қамауға алу себебі ретінде оның Facebookте «Жер сатылмасын!» деген жазуы бар бейсболка киіп тұрған суретін жариялап, пост жазғаны болды. Осы посттың 21 мамырдағы митингіге еш байланысы жоқ болған. **Бақытжан Төреғожина** бұрын «жер мәселесі» бойынша посттар жазған, осы посттар сотта өзіне қарсы қойылды. Бірақ солардың бәріне қойылған әкімшілік айыбы Әкімшілік кодексінің 488-б. сәйкес заңсыз митингілерді ұйымдастыруы не қатысуы болды. **Бақытжан Төреғожина** Amnesty International-ға мәлімдегендей, әлеуметтік желілердегі посттары үшін қамалатынын күткен жоқ, өйткені ол жер мәселесі бойынша наразылық идеясын қолдағанмен, алдындағы митингілер өткенде, елден тыс болған және 21 мамырдағы митингіні ұйымдастыруға қатысқан жоқ. **Бақытжан Төреғожинаның** айтуынша, «Посттарда ештеңе болған жоқ, өйткені мен абай болу керек екенін білемін, олар [биліктер] мені барлық рұқсатсыз өткізілетін митингілермен байланыстырады».

34 адамды Facebook және басқа да әлеуметтік желілерде посттары үшін ұстау және қамауға алу 21 мамырда жоспарланған демонстрация туралы ақпаратты таратпау және халықты оған барғызбау үшін істелінгені анық.⁴² 21 мамырдың өзінде полиция Астана, Алматы және басқа да қалаларда басты алаңдарды бөгеп тастады.⁴³ Бейбіт наразылық шарасын өткізуге тырысқандарды полиция ұстап, полиция бөлімдеріне апарды. Адамдар сонда бірнеше сағат бойы ұсталып, олардың қол іздері алынып, заңсыз митингіге қатысты деген құжатқа қол қоюға мәжбүрленді. Алматыда 300-500 адам ұсталып⁴⁴, басқа қалаларда адамдар аз ұсталған.⁴⁵ Наразылық туралы ақпарат беру үшін барған 55 журналист ұсталған.⁴⁶ Осыған қоса, адамдардың айтуынша, халықтың ақпарат бөлісіп, демонстрациялар мен полиция әрекеттерінің бейне материалдарды таратпау үшін Facebook пен Google-ға қол жеткізу қиындап, YouTube пен Periscope уақытша бөгеттелген.⁴⁷ Азаттық радиосы (Radio Free Europe / Radio Libertyдің қазақстандағы қызметі) да уақытша бөгеттелген.⁴⁸

21 мамырға бірнеше күн бұрын және сол күні Қазақстан биліктері жоспарланған демонстрациялар туралы мәлімдемелерін әлеуметтік желілерде жариялап, өздерінің сөз бостандығына ие болу құқығын жүзеге асырғандарды қудалап, жазалаған және басқа адамдардың ақпарат іздеу мен алу

⁴¹ Интервью Алматыда 2016 ж. 28 қарашада өткізілді.

⁴² Қазақстан биліктері наразылық шараларын болдырмау үшін болашақ қатысушыларды әкімшілік «алдын ала ұстауды» қолданғаны бірінші рет емес. 2015 ж. қаңтарда Алматыда журналистер Адам Бол жабылған басылымын қолдауға бара жатқан жерінен ұсталған; оларды жергілікті полиция бөлімшелеріне «анықтау үшін» апарып, көп ұзамай жіберген.

⁴³ «Жер наразылығына» қатысты репрессиялар туралы ақпарат алу үшін Amnesty International, “Kazakhstan: A dark day for freedom of expression and peaceful assembly” қараңыз, EUR 57/4141/2016, Amnesty International, Лондон, <https://www.amnesty.org/en/documents/eur57/4141/2016/en/>.

⁴⁴ Бұл мәліметтер 21 мамырда мониторинг жүргізген құқық қорғаушылардың ақпаратына негізделген. Кейбір мониторингшілердің мәлімдеуінше, сол күні Алматыда 1000 адам ұсталған болатын. Қазақстандағы бейбіт жиналу құқығы бойынша Коалициясы, “Бейбіт наразылық шараларын өткізуге тырысу барысында адам құқықтарын бұзушылықтары кең таралуда”, 2016 ж. 15 маусым, http://www.nhc.no/no/vart_arbeid/uttalelser/Widespread+Human+Rights+Abuse+amid+Attempts+to+Hold+Peaceful+Protests.b7C_wlzOW8.ips (2017 ж. 30 қаңтарда қаралған).

⁴⁵ Адамдар Астанада, Қарағандыда, Оралда, Ақтөбеде, Атырауда, Қостанайда және Павлодарда ұсталды. А. Гришин, “Битва за землю”, Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау Қазақстан халықаралық бюросы (АҚЗСҚХБ), 2016 ж. 23 мамыр, http://bureau.kz/novosti/sobstvennaya_informaciya/bitva_za_zemlyu (2016 ж. 23 мамырда қаралған) (А. Гришин, “Битва за землю”).

⁴⁶ Әділ сөз, “21 мамырда 55 журналист ұсталды”, 2016 ж. 26 мамыр, <http://www.adilsoz.kz/news/show/id/2047> (2016 ж. 1 маусымда қаралған).

⁴⁷ А. Гришин, “Битва за землю”.

⁴⁸ Radio Free Europe / Radio Liberty, “Қазақ журналистері, белсенділері ұсталды және вебсайттар бөгеттелді”, 2016 ж. 21 мамыр, <http://www.rferl.org/articleprintview/27748591.html> (2016 ж. 23 мамырда қаралған). Бұл біздің ойымызша, аймақтық корреспонденттердің баяндамаларын халыққа жеткізбеу үшін істелінген.

құқықтарын бұзған. Әлеуметтік желілерде жариялаған посттарын «заңсыз» демонстрация ұйымдастыруға қатысудың дәлелі ретінде келтіріп, әкімшілік соттарда оларға қарсы пайдаланған. Осы әрекеттер көшеде болсын, интернетте болсын, қоғамдық наразылық биліктерге жағымсыз екенін көрсетті.

5. ИНТЕРНЕТТЕГІ БЕЙБІТ ӨЗГЕШЕ ОЙ- ПІКІРЛЕРДІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ

Пікір білдіру бостандығына ие болу құқығы, оның ішінде ақпаратты іздеу, алу және тарату құқығы Қазақстанның халықаралық міндеттемелерінің бір бөлігі ретінде Конституция мен басқа заңдарында қорғалған. Осыған қарамастан, 2015 және 2016 ж.ж. Қазақстан биліктері басқаша ой-пікірлерді және тәуелсіз үндерді басу үшін Қылмыстық кодекстің екі бабын кең пайдаланды. Олар "әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік және діни алауыздықты қоздыру" (174-б.) және "біле тұра жалған ақпарат тарату" (274-б.). Осыны құқық қорғаушылар мен саяси тұтқындар **Макс Боқаев** пен **Талғат Аянның** ісінен анық көруге болады.

МАКС БОҚАЕВ ПЕН ТАЛҒАТ АЯНДЫ ҚУДАЛАУ: ХРОНОЛОГИЯ

2016 ж. 14 сәуір: Макс Боқаев Батыс Қазақстандағы Атырау қала әкімшілігінен 24 сәуірде қала ортасында орналасқан Исатай-Махамбет алаңында митинг өткізуге рұқсат сұрады.

2016 ж. 18 сәуір: қала әкімшілігімен кездесу барысында Талғат Аянға митинг өткізуге рұқсат берілмейтіні хабарланды, өйткені Исатай-Махамбет алаңы демонстрацияларға «рұқсат етілген» орындар тізімінде жоқ.

2016 ж. 14 - 19 сәуір: Макс Боқаев пен Талғат Аян Facebook пен WhatsApp топтарында адамдарды 24 сәуірдегі митингіге қозғауға бірқатар посттар жазды.

2016 ж. 24 сәуір: Атырау қаласының Исатай-Махамбет алаңында демонстрация өтті. Бұл «жер мәселесі» бойынша бірінші митинг, ол бейбіт өтті. 1000 адамға жуық қатысты.

2016 ж. сәуірдің аяғы – мамырдың басы: Бейбіт митингілер Қазақстанның басқа қалаларына тарады.

2016 ж. 6 мамыр: Макс Боқаев пен Талғат Аян биліктерден Исатай-махамбет алаңында 21 мамырда митинг және концерт өткізуге рұқсат сұрады.

2016 ж. 13 мамыр: 21 мамырда митинг және концерт өткізуге рұқсат берілмеді, тағы да Исатай-Махамбет алаңы демонстрацияларға «рұқсат етілген» орындар тізімінде жоқ деген себеппен.

2016 ж. 17 мамыр: Макс Боқаев пен Талғат Аян Әкімшілік кодексінің 488-б. (Бейбіт митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу және ұйымдастыру реті бойынша Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу) бойынша қамалған 34 адамның ішінде болып, 15 тәулікке әкімшілік қамауға алынды.

2016 ж. 21 мамыр: әкімшілік жазаларын өтеу кезінде Макс Боқаев пен Талғат Аян Қылмыстық кодекстің бірнеше баптары бойынша айыпталды: “Билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту” (179-б. – кейін алынып тасталды); “Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру” (174-б.), “біле тұра жалған ақпарат тарату” (274-б.) және рұқсат етілмеген митингті ұйымдастыру (400-б.). Оларды әкімшілік қамау мекемесінен тергеу изоляторына ауыстырды.

2016 ж. 12 қазан: Макс Боқаев пен Талғат Аяның соты Атырау қ. #2 сотында басталды. Сот процесі әділсот халықаралық стнадарттарына сәйкес өткен жоқ.⁴⁹

2016 ж. 18 қазан: Макс Боқаев сот процесіне ауырып тұрғанына қарамастан жеткізілді. Оған жедел медициналық көмек шақырылды. Макс Боқаевтың денсаулығы сыр берді, өйткені ол тергеу изоляторында созылмалы гепатитке қарсы емдеуге қол жеткізе алмады.

2016 ж. 28 қараша: Макс Боқаев пен Талғат Аян Қылмыстық кодексінің 174, 274 және 400-б.б. бойынша кінәлі деп табылып, бес жылға бас бостандығынан айырылды. Олар үкімдеріне шағымданды.

2017 ж. 20 қаңтар: Атырау облыстық соты Макс Боқаев пен Талғат Аяны бес жылға бас бостандығынан айыру жазасын күшінде қалтырды.

Макс Боқаев пен Талғат Аянға қойылған кінәнің бір бөлігі⁵⁰ олардың Атырау қ. 2016 ж. 24 сәуірде өткен «рұқсат етілмеген» митингіге қатысуға байланысты. Дегенмен, айыптардың көбісі жеке Facebook парақтары мен топтық парақтар, сонымен бірге WhatsApp шифрленген хабарламалар жіберу қызметтері арқылы топтық хабарлама жасағандарына қатысты.⁵¹

Айыптардың ішінде:

⁴⁹ Әділсот құқығын бұзушылықтардың ішінде мониторлардың сот отырысы залына қол жеткізуі шектелді, Макс Боқаев пен Талғат Аяның адвокаттары прокуратурадағы кейбір ақпаратқа қол жеткізе алмады және олардың іс материалдарын зерттеу үшін жеткілікті уақыты болған жоқ. Көбірек ақпарат алу үшін Amnesty International, “Kazakhstan: Presumed guilty before trial: prosecution of peaceful protesters Maks Bokaev and Talgat Ayan” қараңыз, EUR 57/5116/2016, Лондон, Amnesty International.

⁵⁰ Макс Боқаев пен Талғат Аяның толық айыптары 2016 ж. 25 қыркүйектегі «айыптау актісінде» келтірілген.

⁵¹ WhatsApp хабарлама қызметі end-to-end шифрін 2016 ж. сәуірде енгізді. WhatsApp Blog, “End-to-end encryption”, 2016 ж. 8 сәуір, <https://blog.whatsapp.com/10000618/endtoendencryption> (2016 ж. 13 желтоқсанда қаралған); WhatsApp FAQ, “End-to-end encryption”, <https://www.whatsapp.com/faq/en/general/28030015> (2016 ж. 13 желтоқсанда қаралған).

- Facebook парақшасында Жер кодексіне ұсынылған өзгерістер туралы және 24 сәуірде митинг өткізуге рұқсат сұрау үшін жергілікті биліктермен кездесу туралы біле тұра «жалған ақпаратты» жариялау;
- WhatsApp хабарламалары мен Facebook посттарын басқаларды 24 сәуір және 21 мамырда митингілерге баруға қозғау үшін пайдалану (екі митингіге де жергілікті биліктер рұқсат етілмегені белгілі болғанда);
- Facebook посттарын Қазақстандағы саяси және әлеуметтік, экономикалық жағдайды және биліктердің әрекеттерін сынауға пайдалану (сот Қылмыстық кодексінің 174-б. әлеуметтік алауыздықты қоздыру мағынасында «билікті» бөлек әлеуметтік топ теп таныды); және
- 24 сәуірде болған «рұқсат етілмеген» митингінің бейне роликтерін әлеуметтік желілерде жариялау.

Айыптау үкімінде осы әрекеттер мен екі азаматтың 24 сәуірде және 21 мамырда митинг өткізуге тұрақты рұқсат сұрағандары (митинг өткізуге рұқсат берілмеді, өйткені Исатай-Махамбет алаңы демонстрацияларға «рұқсат етілген» орындар тізімінде жоқ) «қоғамдық саяси жағдайды тұрақсыздандырып», «қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті бұзды» деп белгіленді.⁵²

Amnesty International **Макс Боқаев** пен **Талғат Аянды** пікір білдіру және бейбіт жиналу бостандықтарын жүзеге асырғандары үшін ғана қудаланған ар-ождан тұтқындары деп мойындады. Олардың үкімдері қайта қаралып, өздері дереу және еш шартсыз босатылуы тиіс.

Макс Боқаев пен **Талғат Аянның** ісі биліктердің әлеуметтік желілерді "Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру" (174-б.) айыбымен байланыстыруы бірінші рет емес. 2016 ж. басында **Ермек Нарымбаев** және **Серікжан Мамбетәлі**н қазақ халқын қаралайды деп танылған жарық көрмеген кітаптан үзінділер Facebook парақшаларында жариялағандары үшін үш және екі жылға бас бостандығынан айыруға сотталған болатын (апелляциядан кейін қысқартылды); екеуі де одан бұрын президент Назарбаевтың сыншылары болатын.⁵³ Сәкен Байкенов, «Антигептил» белсенділер тобының мүшесі (олар Ресейдің өте улы гептил жанармайын пайдаланатын Протон-М ракеталарын Байқоңыр космодромынан ұшыруға қарсы шыққан) Facebook посты үшін екі жылға «бас бостандығын шектеуге» сотталған.⁵⁴ Татьяна Шевцова-Валова Facebookте қазақстанды Ресей Федерациясына қосу керек деген ойды қолдап, қазақ ұлтын қорлау деп бағаланған сөздері үшін төрт жылға шартты түрде бас бостандығынан айыруға сотталды.⁵⁵ Осылардың бәрі Қылмыстық кодексінің 174-б. бойынша сотталды.

Биліктер сонымен бірге Қылмыстық кодексінің 274-б. да ("біле тұра жалған ақпарат тарату") сыни пікірлерді басу және әлеуметтік желілердегі дауыстарды өшіру, пікір білдіру және ақпаратты іздеу, алу, тарату құқығын бұзып қолданды. **Елена Семенова**, Қазақстандағы Ұлттық алдын алу тетігінің (ҰАТ⁵⁶) және Қоғамдық бақылау Комиссиясының (ҚБК⁵⁷) өз аймағы бойынша мүшесі, әлеуметтік желілерде түрмеге барғанда, зорлық-зомбылық оқиғасы туралы жазғаннан кейін 274-б. бойынша 2015 ж. тергеу астында болған. Елена Семенова ақырында жауапқа тартылған жоқ, бірақ тергеу органы жергілікті ҰАТ мен ҚБК басқа мүшелеріне хабарлама жіберіп, азаптау немесе басқа да

⁵² 2016 ж. 25 қыркүйектегі «айыптау актісі», 9-б.

⁵³ Joanna Lillis, "Қазақстан: биліктер тағы екі белсендіні тұтқындады", Eurasianet, 2016 ж. 22 қаңтар, <http://www.eurasianet.org/print/76946> (2016 ж. 28 қаңтарда қаралған).

⁵⁴ Р. Ботайұлы, "Обвиняемого в «разжигании розни» в Facebook'е арестовали", Radio Azzattyq, 2016 ж. 10 наурыз, <http://rus.azattyq.org/a/saken-baykenov-arest-sud-astana/26891156.html> (2016 ж. 21 қарашада қаралған); Р. Ботайұлы, "Сакен Байкенов осужден на два года ограничения свободы", Radio Azzattyq, 2016 ж. 13 сәуір, <http://rus.azattyq.org/a/26953332.html> (2016 ж. 21 қарашада қаралған).

⁵⁵ New Times, "За разжигание межнациональной розни осуждена алматинка Шевцова-Валова", 2015 ж. 31 наурыз, <http://newtimes.kz/obshchestvo/item/13009-za-razzhiganie-mezhnatsional%C2%AD> (соңғы рет 2016 ж. 27 сәуірде қаралды).

⁵⁶ ҰАТ түрмедегі жағдайды мониторингден өткізу бойынша тетік, ол Ұлттық Омбудсмен қарамағында жұмыс істейді. ҰАТ мониторлары түрмелердегі және басқа да қамау мекемелеріндегі жағдайды, сонымен бірге, мемлекет қарамағындағы мекемелерде, мысалы, балалар орталықтарында, Азаптауға қарсы конвенцияның Қосымша Хаттамасына сәйкес бақылау жүргізеді.

⁵⁷ ҚБК ұстау орындарын қоғамдық бақылау механизмі.

зомбылық оқиғалары туралы ақпаратты әлеуметтік желілерде жариялаған жағдайда жауапқа тартылатындарын ескертті.

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ТӘУЕЛСІЗ ЖУРНАЛИСТИКА ҮШІН КЕҢІСТІК РЕТІНДЕ ЖАБУ

2012 ж. бастап, биліктер ондаған тәуелсіз баспасөз құралдарын жапты, оның ішінде тек онлайн ғана немесе басылымның онлайн платформасы ретінде жұмыс істейтін жаңалықтар сайттарын. Бұл 2011 ж. соңында Жаңаөзенде болған оқиғаларды БАҚ-да көрсеткеннен кейін орын алды,⁵⁸ онда полиция журналистерді ұстау не қамау үшін used ерекше өкілеттіктерін пайдаланды.⁵⁹ Нәтижесінде, бүгін Қазақстанда виртуалды жұмыс істейтін еш бір тәуелсіз басылым немесе интернет БАҚ қалмады. Басты теледидар және радио арналары мемлекеттің бақылауында немесе президент Назарбаев отбасы мүшелерінің меншігінде әлде ықпалында.⁶⁰

2012 ж. Алматы қ. прокуратурасы сегіз басылым мен меншік иесі бір медиа топ болып табылатын 23 вебсайттарды, екі тәуелсіз интернет теледидар арналарын жабу рәсімін бастады. Прокуратура оларды «экстремизм», «әлеуметтік алауыздықты қоздыру» және Жаңаөзен оқиғаларына байланысты, ұлттық қауіпсіздікке қауіп бар деп айыптады. Бұл Қазақстандағы тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары болған, кейін олардың көбісі жабылып қалды.⁶¹ Олардың ішінде жоғары

⁵⁸ 2011 ж. 16 желтоқсанда (Тәуелсіздік күні) Жаңаөзендегі демонстрацияда полиция оқ атты. Он төрт адам өлтірілді, жүздеген адамдар ұсталып, азаптауға және басқа да қатыгездікпен қарау түрлеріне ұшырады. Amnesty International, *Ескі әдет: Қазақстанда азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарау түрлерін үйреншікті қолдану*, EUR 57/001/2013, Лондон, Amnesty International.

⁵⁹ Freedom House, *Freedom in the World 2016: Kazakhstan*, <https://freedomhouse.org/report/freedom-world/2016/kazakhstan> (2016 ж. 9 қарашада қаралған) (Freedom House, *Freedom in Word 2016: Kazakhstan*).

⁶⁰ Freedom House, *Kazakhstan: Freedom of the Press 2016*, <https://freedomhouse.org/report/freedom-press/2016/kazakhstan> (2017 13 қаңтарда қаралған).

⁶¹ Amnesty International, "Қазақстан: адам құқықтарын басу: билікті кері пайдалану және басылған бостандықтар: Amnesty International БҰҰ жалпы мерзімдік шолу шеңберінде жолдамасы, 2014 ж. қазан-қараша", EUR 57/001/2014, Amnesty International, Лондон, 4-б. <https://www.amnesty.org/en/documents/eur57/001/2014/en/> (Amnesty International, "Қазақстан: адам құқықтарын басу"); Журналистерді қорғау Комитеті, "Қазақстанда жаңалықтар басылымдары экстремизм үшін айыпталады", 2012 ж. 28 қараша, <https://cpj.org/2012/11/in-kazakhstan-news-outlets-face-charges-of-extremi.php> (2016 ж. 21

сапалы Республика медиа басылымы және оның балама түрі *Голос Республики (Республика дауысы)* болған.⁶² Екі жылдан кейін басқа тәуелсіз басылым *Assandi Times Республиканың* балама түрі деп танылып, жабылды.⁶³ Содан бастап, *Республикаға* жұмыс істеген журналистер кейін де қорқыту мен құдалауға түскен, ең соңғысы 2015 ж. Желтоқсан айында болған. Онда Алматы полициясы тәуелсіз онлайн жаңалықтар сайты Nakanune.kz офисін және журналист **Гюзаль Байдалинова** (сайт иесі) және сайт үшін жазып жүрген **Юлия Козлова** үйлерін тінтті. Nakanune.kz сайтында жұмыс істейтін бірнеше журналистер бұрын *Республикада* істеген. **Гюзаль Байдалинова** Қылмыстық кодексінің 274-б. бойынша «біле тұра жалған ақпарат таратқаны» үшін қамауға алынды. Оның себебі – сайт Казкоммерцбанктің қызметі туралы, оның құрылыс саласындағы жемқорлыққа қатысты мақалалар, содан кейін Казкоммерцбанк БАҚ-на қарсы қозғаған жала жабу туралы ісі бойынша мақалалар жариялаған.⁶⁴ **Юлия Козлова** есірткі сақтағаны үшін қамауға алынған. **Юлия Козлова** 2016 ж. ақпан айында ақталды,⁶⁵ 2016 ж. мамырда **Гюзаль Байдалинова** 274-б. бойынша сотталып, 1.5 жылға бас бостандығынан айырылды (ол шілде айында апелляция барысында шартты жазаға ауыстырылды).⁶⁶

Басқа істер бойынша тәуелсіз медиа құралдары елеусіз бұзушылықтар үшін жабылды, мысалы, таралымын асырып жібергені үшін немесе биліктерге хабарламай, басылымды уақытша тоқтатқаны үшін.⁶⁷

Ресми түрде қорқыту және құдалау жағдайында өзінің маңызды журналистік қызметін жалғастыруға тырысқанда, кейбір тәуелсіз БАҚ мен журналистер басылымдары немесе жаңалық порталдары жабылғанда, әлеуметтік желілердегі парақшалардың жұмысын жалғастырып, жаңалықтар мен өздеріне қарсы істер бойынша ақпаратты жаңартып тұрды. Сонымен, әлеуметтік желілер Қазақстандағы тәуелсіз журналистиканың өмірлік маңызы бар кеңістігі болып табылады. Адам газетінің ісі биліктердің осы кеңістікті жабу үшін күш салып, интернет пайдаланушылар мен кең ауқымды қауымдастыққа ақпаратқа қол жеткізбеуге тырысатынын көрсетті.

АДАМ ЖӘНЕ АДАМ БОЛ ГАЗЕТТЕРІ: ОФФЛАЙН, ОНЛАЙН ЖӘНЕ ШЕКТЕУДЕН ТЫС

Алматы қ. аудандық соты 2014 ж. 20 қарашада Адам бол газетін Украинадағы созылмалы қақтығысқа қатысты интервью жариялағаннан кейін ұлттық қауіпсіздік себебімен жабу туралы шешім шығарды. Бұл шешімді Алматы қ. әкімшілігі ұсынып, қаралған мақала «соғысты насихаттау» болып табылады және Конституцияның 20-б. бұзады деп негіздеді. Сот шешіміне берілген шағым қолдау таппай, 2015 ж. ақпанда Алматы қ. Соты газетті мәңгі жабу керек деп ұйғарды.⁶⁸

Осыдан кейін *Адам Бол* редакторы *Адам* деп аталатын мұрагер газетін басып шығара бастады. Алматы қ. биліктері оны да жылдам жабуға тырысты. Алматы әкімшілік соты 2015 ж. 25 қыркүйекте оның жұмысын үш айға тоқтата тұру туралы қаулы шығарды, өйткені *Адам* екі

қарашада қаралған) (Журналистерді қорғау Комитеті, “Қазақстанда жаңалықтар басылымдары экстремизм үшін айыпталады”).

⁶² Журналистерді қорғау Комитеті, “Қазақстанда жаңалықтар басылымдары экстремизм үшін айыпталады”.

⁶³ Журналистерді қорғау Комитеті, “Қазақстан биліктері тағы бір басылымды жапты”, 2014 ж. 3 сәуір, <https://cpi.org/2014/04/kazakh-authorities-shut-down-another-newspaper.php> (2016 ж. 21 қарашада қаралған).

⁶⁴ Freedom House, *Freedom in the World 2016: Kazakhstan*.

⁶⁵ Троценко, Петр, “Журналистка Юлия Козлова полностью оправдана”, *Vlast'*, 2016 ж. 29 ақпан, <https://vlast.kz/novosti/16030-zurnalistka-ulia-kozlova-polnostu-opravdana.html> (соңғы рет 2016 ж. 26 сәуірде қаралған).

⁶⁶ Азаттық радиосы, “Қазақ соты журналистің тұтқындалуын тоқтатты”, 2016 ж. 12 шілде, <http://www.rferl.org/a/kazakhstan-court-suspends-journalist-jail-sentence/27854018.html> (2016 ж. 21 қарашада қаралған).

⁶⁷ Amnesty International, “Қазақстан: адам құқықтарын басу”, 4-б.

⁶⁸ Дүниежүзілік пікір білдіру бостандығы жобасы, “ADAMbol, Қазақстандағы тәуелсіз газеттің ісі”, Колумбия Университеті, Нью-Йорк, <https://globalfreedomofexpression.columbia.edu/cases/adam-bol/> (2016 ж. 21 қарашада қаралған)

тілде шығады деп тіркелген, бірақ орыс тілінде ғана шыққан.⁶⁹

Үш айлық тыйым бітпей тұрып, *Адам* өзінің контентін Facebook парақшасында жариялай бастады. Оған Медеу аудандық прокуратурасы 8 қазанда тағы да сотқа беріп, оны мүлдем жабуды сұрады, өйткені *Адам* Facebook парақшасында журналистік материалдарды жариялап, сот тыйымын бұзды. *Адамның* баспа түрі, онлайн, және Facebook парақшасы біртұтас тұлға болып табылады, және де, редакторы да бір – Аян Шәріпбаев, ол *Адамды* Facebook арқылы әрі қарай шығарам десе, қайта тіркеу керек. *Адам* енді сот бұйрығымен Facebook парақшасы арқылы заңсыз шығаруды жалғастырды деген негізбен мүлдем жабылды.⁷⁰

⁶⁹ ЕҚЫҰ, “ЕҚЫҰ өкілі Қазақстандағы БАҚ еркіндігіне қатысты соңғы оқиғалар бойынша алаңдаушылығын білдірді”, 2015 ж. 25 қыркүйек, <http://www.osce.org/fom/185401> (2016 ж. 21 қарашада қаралған); Әділ сөз, “ADAM журналын тоқтата тұру туралы сот қаулысы заңды күшіне енді”, 2015 ж. 25 қыркүйек, <http://www.adilsoz.kz/news/show/id/1859#sthash.6LDkhXYN.dpuf> (2016 ж. 21 қарашада қаралған).

⁷⁰ Әділ сөз, “«Бірлескен БАҚ» ADAM журналы прокуратура талап арызы бойынша сот шешімімен жабылды”, 2015 ж. 22 қазан, <http://www.adilsoz.kz/news/show/id/1869> (2015 ж. 4 қарашада қаралған).

7. ӨЗІН-ӨЗІ ЦЕНЗУРАЛАУ

Әлеуметтік желілерде үкімет саясатымен келіспеу пікірлерін білдірген тұлғаларға қарсы әкімшілік ұстау мен қылмыстық жазаларды «алауыздықты» қоздыру мен «жалған ақпарат» таратқаны үшін пайдалану Қазақстандағы пікір білдіру бостандығына ие болу құқығы үшін кең ауқымды салдарға әкеліп соғуы мүмкін. Бұл Қазақстан биліктерінің әлеуметтік желілерде барлық хабарламаларды, оның ішінде құпиялы арналар бойынша берілетін хабарламаларды тұрақты бақылау жүргізіп, өз пікірлері мен ойларын білдіргісі келетін басқа да тұлғаларға «кісен салу» әсер ететінін көрсетеді. Әлеуметтік медиа пайдаланушылар пікірлері «алауыздық қоздыру» немесе «жалған ақпарат» таратуға немесе басқа да қылмыстық әлде әкімшілік бұзушылықтарға жатпаса да, Интернетте өз пікірлерін білдіруге қорқады.⁷¹

Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексіне сәйкес қамалғаннан кейін, **Бақытжан Төреғожина** онлайн жазған посттарына әрдайым аса назар аударады. Оның Amnesty International айтқандай:

Осы оқиғадан кейін мен өзімді көбірек бақылай бастадым, өйткені енді қайсыбір қоғамдық жиналыс өткізілсе, биліктер мені соларды қоздырғаны үшін айыптайтынын анық білемін. Бұл мені абай және сақ болуға мәжбүрлейді. Енді мен Facebookке бірдемені ілудің алдында оны солардың көзімен оқуға тырысамын. Постты солардың көзқарастарын ескеріп оқу «қоғамға қарсы» шақыру немесе «тұрақтылықты және бейбіт жағдайды бұзу» деп ойлайтындарын алдын ала түсіну болып табылады.⁷²

Бақытжан Төреғожина атап айтқандай, оның қамауда болуы (және 2016 ж. 21 мамырдың алдында басқа 33 адамның Әкімшілік кодекске сәйкес қамалуы) басқаларға сабақ болып, онлайн «өзін-өзі цензурауға» әкеліп соғады.⁷³

Әрине, адамдар әлеуметтік желіде бірдеме жазудың алдында екі рет ойланады. Олар әлеуметтік желіде ашық болудан қорқады. Олар пост жазғаны үшін 15 тәулікке қамалуы мүмкін екенін түсінеді. Немесе репост үшін ғана. Ал, адамдар өз ойын айту үшін ғана өздерін қауіпке төндіргісі келе ме, жоқ па екені туралы ойлана бастайды.⁷⁴

Әлеуметтік желілерді пайдаланып, өз пікірлерін білдіргісі келетін адамдарға қарсы әкімшілік және қылмыстық айыптарды қолдану басқа институттарды да, мысалы, жұмыс берушілер мен

⁷¹ Freedom House, *Freedom on the Net 2015: Kazakhstan*.

⁷² Интервью Алматыда 2016 ж. 28 қарашада өткізілді.

⁷³ Freedom House, *Freedom on the Net 2015: Kazakhstan*.

⁷⁴ Интервью Алматыда 2016 ж. 28 қарашада өткізілді.

университеттерді өз қызметкерлері мен студенттері арасында онлайн өзін-өзі цензуралауға әкеліп соғады. Оқып жүрген жастарға не қызметін жаңа бастап жүргендерге жұмыстан шығарумен қорқыту көбін әлеуметтік медиада еркін пікір білдірулеріне тосқауыл қояды.

ФАРИЗА ОСПАН: “ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ ЦЕНЗУРАЛАУ ... БАР ЖӘНЕ КЕҢЕЙІП БАРАДЫ”⁷⁵

Фариза Оспан 22 жастағы Алматы университетінің 2016 ж. түлегі. Ол Facebook, VKontakte және Instagram әлеуметтік желілердің белсенді пайдаланушысы. 2016 ж. мамырдың аяғында Фариза әлеуметтік желілерде бірқатар хабарлама жасағаннан кейін IT дистрибуциямен айналысатын көпұлттық компанияның блогері жұмысынан шығарылды. Ол Amnesty International өзі туралы былай деп айтты:

Нақты қандай постым жұмыстан шығу себебі болғанын білмеймін, олар бірнешеу болатын. Мен политолог Досым Сатпаевтың Жер кодексіне қатысты митингілер туралы комментарийлерінен үзіндіні VKontakte жариялап, Instagramда 21 мамырдағы сүрет пен өзімнің осы жайлы ойымды жаздым. Instagramдағы жазба менің хабарламам жазылушылардан көп жағымсыз пікірлерге ие болды. Мен жастарға арнаған ақпараттық қызметте ерікті жұмыс істеймін, сонда 21 мамырда Алматыда адам құқықтары туралы семинарға қатысуым керек болды. 21 мамырда митингіге барушылар көп болады деген сөздер көбейе бастағаннан кейін семинарға қатысушылардың саны азая бастады. Мен осы туралы Facebookте жаздым. Мен Жастар ақпараттық қызметіндегі басқалармен бірге 21 мамырда адам құқықтары семинары барып, көшеде не болғанын көрдім. Бізге үйлеріңе қайтыңдар, әйтпесе қиындық туғызады деп айтты. 21 мамырдан екі күн өткен соң мен Facebookте Мәдениет және спорт министрі жасаған мәлімдемені жарияладым, ол мені ызаландырды.

Менің ойымша, осы посттар бірінен соң бірі менің жұмыстан шығарылуыма себеп болды.

31 мамырда менің бастығым маған жұмыстан шығарылғанымды жазды. Ол осының бәрі жұмысыма байланысты емес, «әлеуметтік желілердегі әлеуметтік және саяси көзқарасыма» байланысты деп айтты. Бастығым айтқандай, компанияға менің Facebookтегі «үкіметке қарсы мәлімдемелер» туралы «шағым» түсіп, оған жағымсыз әсер етуінен қорықты.

Мен аң-таң болдым. Олар мені пікірімді білдіру құқығымның жоқтығы емес, жұмысым ұнамайтыны үшін шығарғаны жақсы болар еді.

Менің отбасым және достарым қатты таң қалып, болған оқиғаға көңілдері түсіп қалды. Анам университетте дипломымды бермей қоя ма деп қорықты. Бәрі де әлеуметтік желілерге ештеңе жазбауға кеңес берді. Келесі рет салдары ауыр болуы мүмкін.

Әлеуметтік желілерде менің жастағы адамдардың арасында өзін-өзі цензуралау әрине, бар және кеңейіп барады. Саяси тақырыпқа аз жазады, шындықты аз ғана адамдар жазады. Елдегі саяси жағдай, президент және депутаттар жұмысы өзін-өзі цензуралауға жатады. Ешкім билік әрекеттерін ашық сынап алмайды. Немесе сынау да емес, жай ғана өз пікірін білдіріп, не ойлайтындарын айту.

⁷⁵ Интервью е-мейл арқылы 2016 ж. қарашада өткізілді.

Фариза Оспан өзімен не болғанын және өзін-өзі цензуралау туралы айту дайындығымен ерекше болды. Amnesty International әлеуметтік желілер пайдаланушылардың арасында өзін-өзі цензуралау мәселесі бойынша қысқаша сауалнама өткізуге тырысты, бірақ респонденттер сауалдарға нақты жауап беруден бас тартты.

8. ҚОРЫТЫНДЫ

Осы брифингідегі оқиғалар көрсеткендей, 2015 және 2016 ж.ж. Қазақстандағы адамдар өздерінің пікір білдіру және бейбіт жиналу бостандықтарына ие болу құқықтарын жүзеге асырғаны үшін жауапқа тартылып, басқа жазаларға тап болды, оның ішінде әлеуметтік желілерде пікір білдіру әлде бейбіт жиналыстарды ұйымдастырып, қолдағандары үшін. Биліктің жіберген хабары өте анық: әлеуметтік БАҚ-н пайдаланушылар билікке қарсы шығып, адам құқықтарына назар аудартса, бейбіт жиналыстар ұйымдастырса, репрессияларға ұшырайды. Енді олар үшін сондай мәлімдемелердің интернетте әлде бөлек жасалатынында ешқандай айырмашылық жоқ. Шын мәнінде, биліктердің интернетте жасалған мәлімдемелерді жеңіл бақылап, жазып алуы және оларды сотта құжатталған дәлел ретінде пайдалануы бүгін Қазақстанда интернетте пікір білдіретіндер қудалауға ұшырауы мүмкін екенін аңғартады.

Қазақстан билігі үшін өзінің халықаралық міндеттемелері мен Конституцияға сәйкес сөз бостандығы мен бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқықтарын қорғау уақыты келді. Онлай және жеке түрде сыни пікір білдіретіндерді үнсіз қалдыру үшін әкімшілік және қылмыстық кодекстерін қолдануды тоқтату керек.

9. РЕКОМЕНДАЦИЯЛАР

ҚАЗАҚСТАН БИЛІКТЕРІНЕ:

- Құқық қорғаушылар және саяси тұтқындар Макс Боқаев пен Талғат Аянды дереу және шартсыз босатып, оларға қарсы айыптарды жою.
- Қылмыстық әділсот жүйесі және әкімшілік құралдар пікір білдіру еркіндігі мен бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқықтарын жүзеге асырғандары үшін құқық қорғаушыларға, журналистерге және басқа да тұлғаларға қарсы қолданбауын қамтамасыз ету.
- Өшпенділік пен кемсітуді насихаттауға қарсы қабылданған Қылмыстық кодекстің 174-бабына АСҚХП-ң 19 (3)-б. толығымен сәйкес келіп, сөз бостандығы заңды шектелетініне кепіл беретін мағыналық өзгерістер енгізу.
- «Біле тұра жалған ақпарат таратуды» қылмыс деп қарайтын Қылмыстық кодекстің 274-б. жою.
- «Заңсыз» жиналыстарға көмек көрсету, оның ішінде «байланыс құралдары» арқылы көмектесуді қылмыстық бұзушылық деп табатын Қылмыстық кодекстің 400-б. жою.
- Қазақстандағы барлық тұлғалардың пікір білдіру, оның ішінде әлеуметтік желілер сияқты интернет-форумдарда пікір білдіру бостандығына ие болу құқығын қадірлеу және қорғау.
- Бірлесу бостандығы мен бейбіт жиналу еркіндігіне ие болу құқықтары бойынша БҰҰ Арнайы баяндаушысының кеңестерін толық жүзеге асыру, (A/HRC/29/25/add.2).
- БҰҰ Адам құқықтары бойынша Комитеті Қазақстанның 2-мерзімдік баяндамасына (CCPR/C/KAZ/CO/2) берген Қорытынды ескертулеріндегі пікір білдіруге арналған кеңесті (50-т.) жүзеге асыру.
- Бейбіт жиналу еркіндігіне қатысты Қазақстанға берген ЖМШ кеңестерін орындау.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМҒА:

- Қазақстан биліктерімен өткізілетін барлық екі жақты кездесулердің тақырыптарына адам құқықтарын, оның ішінде пікір білдіру және бейбіт жиналу еркіндігіне ие болу құқықтарын қадірлеу, қорғау және қамтамасыз ету міндеттерін енгізу және Қазақстан биліктерін заң құжаттарын, саясаты мен тәжірибесін өзінің адам құқықтары бойынша халықаралық міндеттемелеріне сәйкес келтіруге шақыру.
- Қазақстан биліктерімен өткізілетін барлық екі жақты кездесулердің тақырыптарына адам құқықтары, оның ішінде пікір білдіру және бейбіт жиналу еркіндігіне ие болу құқықтары енгізілуін қамтамасыз ету және керек жағдайда Қазақстан биліктерін адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелеріне заң құжаттарын, саясаты мен тәжірибесін сәйкес келтіруге шақыратын резолюциялар қабылдау..

ЕУРОПА ОДАҒЫ МЕН ОНЫҢ МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІНЕ:

- Қазақстандағы ЕО Делегациясы және барлық ЕО мүше мемлекеттерінің өкілдіктері ЕО-ң құқық қорғаушылар бойынша Нұсқаулықты орындайтындарын қамтамасыз ету, оның ішінде сот процестерін бақылау және құқық қорғау қызметі үшін бас бостандығынан айырылған құқық қорғаушыларға барып, кездесу.

ЕҚЫҰ МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІНЕ:

- Қазақстандағы сөз бостандығы мен бейбіт жиналу еркіндігінің бұзылуын зерттеу үшін тәуелсіз сарапшылардың *ad hoc* миссиясын құруға Мәскеу тетігін шақыру.

**AMNESTY
INTERNATIONAL АДАМ
ҚҰҚЫҚТАРЫ ҮШІН
ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК
ҚОЗҒАЛЫС. ӘДІЛСІЗДІК
БІР АДАМҒА ЖАСАЛСА,
БӘРІМІЗГЕ ДЕ ТИЕДІ.**

БІЗБЕН БАЙЛАНЫСУ

ӘҢГІМЕГЕ ҚОСЫЛЫҢЫЗ



info@amnesty.org



www.facebook.com/AmnestyGlobal



+44 (0)20 7413 5500



[@AmnestyOnline](https://twitter.com/AmnestyOnline)

ЖАЗАР АЛДЫНДА ОЙЛАН:

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР КЕҢІСТІГІН ҚЫСҚАРТУ

Әлеуметтік желілерді сыни пікір білдіру, ақпаратты іздеп, алу және бейбіт наразылықты ұйымдастыру құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігін беретін кеңістігі ретінде биліктер тәрпынан «түншықтыру» әрекеттерінің салдарынан пікір білдіру еркіндігі мен бейбіт жиналу бостандығы 2015 және 2016 жылдарда Қазақстанда қайтадан құдалауға ұшырады.

Қолдау таппаған заң өзгерістеріне қарсы бейбіт демонстрациялар ұйымдастыру үшін немесе өз келіспеушілігін білдіру үшін әлеуметтік желілер мен хабарлама қызметтерін пайдаланған тұлғаларға биліктер әкімшілік және қылмыстық жазаларды қолданды. Оның ішінде бейбіт митингілер жоспарлағандары үшін бес жылға бас бостандығынан айырылған құқық қорғаушылар және ар-ождан тұтқындары **Макс Боқаев** пен **Талған Аянды** қылмыстық құдалауы да бар. Биліктер сонымен бірге жеке онлайн ресурстарды уақытша не мүлдем жабуға немесе тосқауыл қоюға заң шығару өкілеттігін де пайдаланды.

Қазіргі уақытта биліктер қылмыстық және әкімшілік жазалауды әлеуметтік желілер пайдаланушыларының кейбіреулеріне ғана қолданғанмен, оның ықпалы Қазақстандағы пікір білдіру еркіндігіне кең көлемде «бұғау салғандай» әсер етуде. Осының салдарынан адамдар онлайн сөйлеуден қорқады.

Қазақстан өз халықаралық міндеттерін орындап, Конституцияға сәйкес сөз бостандығы мен бейбіт жиналу еркіндігін қорғауы тиіс. Онлайн және жеке түрде өз пікірлерін білдіретін сынаушылардың үнін басу үшін Әкімшілік және Қылмыстық кодекстерін қолдануды тоқтату уақыты келді.